

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2024 ж.

№ \_\_\_\_\_ бұйрыққа

1 - қосымша

Жалпы және қосымша білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған  
«Ұлы даланың бояулары» байқауын өткізу ережесі

## 1. Жалпы ережелер

1.1. Жалпы және қосымша білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған «Ұлы даланың бояулары» байқауын (бұдан әрі – Байқау) өткізу ережесі оның мақсатын, міндеттерін, өткізу форматы мен тәртібін айқындайды.

1.2. Байқау балалар көркемсурет мектептерінде, өнер мектептерінде, оқушылар сарайларында және жалпы білім беретін мектептерде жұмыс істейтін қосымша білім беру педагогтеріне, көркем еңбек пәні мұғалімдеріне арналған.

1.3. **Мақсаты:** педагогтер арасында шығармашылық бастамаларды дамыту және замануи мазмұнда ұлттық көркемдік дәстүрлерді насихаттау.

**Міндеттері:**

- 1) педагогтердің шығармашылық белсенділігін ынталандыру;
- 2) кәсіби байқауға қатысу арқылы көркемдік білім беру деңгейін арттыру;
- 3) бейнелеу өнеріндегі дәстүрлер мен инновациялар туралы кәсіби ой - өрісті кеңейту және білімді тереңдету;

1.4. Байқауды Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК және Астана қаласы әкімдігінің МКҚК «Балалар көркемсурет мектебі – ЮНЕСКО клубы», халықаралық суретшілер Одағының өкілдіктерінің қолдауымен өткізеді.

**Қазылар алқасы:** Жұмыстарды бағалау үшін құзыретті қазылар алқасы құрылады, оның құрамына мәдениет пен өнер саласының жетекші қайраткерлері, ҚР Суретшілер одағының мүшелері, кәсіби суретшілер кіреді. Жүлделі орындарды бөлу қазылар алқасының шешімі негізінде жүзеге асырылады, ол түпкілікті болып табылады және талқылауға жатпайды.

## 2. Байқаудың өткізу мерзімдері, шарттары мен тәртібі

2.1 Байқау 2024 жылғы 15 қазан мен 8 қараша аралығында өткізіледі.

2.2 Қатысушы педагог және оның жұмыс тәжірибесі туралы толық ақпаратты қамтитын жұмысқа өтінімді (1-қосымша) қоса беруі тиіс.

2.3 Қатысуға өтінім байқауға жіберілетін жұмыспен бірге қоса беріледі. Жұмыстар 2024 жылдың 15 – 31 қазан аралығында Астана қаласы, Кеңесары көшесі, №41 мекенжайы бойынша қабылданады.

2.4 Әрбір жұмыс рәсімделуі тиіс. Қатысушылар жұмыстардың тұтастығын қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты.

2.5 Байқау жеңімпаздары байқауға қатысушылар үшін бейнелеу өнері бойынша шебер-сыныбын өткізуі қажет.

### **3. Жұмысқа қойылатын талаптар**

3.1 Жұмысты кез-келген жанрда жасауға болады (натюрморт, пейзаж, сюжеттік композиция және т. б.);

Орындау техникасы: май, акрил, гуашь, акварель;

Жұмыс көлемі - 50x70 см және одан жоғары;

Жұмыстар рәсімделуі керек;

Жұмыстың төменгі оң жақ бұрышындағы артқы жағында деректері бар затбелгі болуы керек: автордың Толық аты-жөні, шығарманың атауы, ұйымы, байланыс деректері;

Әр қатысушыдан 2 - 5 жұмыс қабылданады;

Байқауға қатысушылар тек жеке орындалған жұмыстарды ұсына алады (бірлескен авторлық жұмыс алынып тасталады)

#### **3.2 Байқаудың тақырыптары:**

Дала табиғаты - көркем пейзаждар, гүлдер;

Мәдениет пен дәстүр - халықтық мерекелер, көшпенділердің өмірі;

Тарихи оқиғалар - Дала мен оларды мекендейтін халықтардың тарихымен байланысты оқиғалар;

Заманауи өмір - даладағы адамдардың өмірі және олардың қазіргі жағдайларға бейімделуі қалай өзгереді.

#### **3.3 Байқаудың жұмыстарын бағалау критерийлері:**

Дизайн мен орындаудың өзіндік ерекшелігі;

Көркем экспрессивтілік және композицияның тереңдігі;

Техникалық шеберлік және әртүрлі көркемдік техниканы меңгеруі;

Колористикалық шешім, жұмыстың үйлесімділігі мен тоналдылығы;

Шығарманың эстетикалық және мәдени құндылығы, Қазақстанның мәдени дәстүрлерімен байланысы.

### **4. Байқау қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау**

4.1. Байқау қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

4.2. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады, жүлделі орын алмаған қатысушылар сертификаттарға ие болады.

4.3. Байқау нәтижелері <https://astana-modern.edu.kz/ru/> және <https://dhsh.kz/> сайтында жарияланады.

4.4. Байқау қатысушылары Байқауды ұйымдастырушының сайтында өз атын, тегін, әкесінің атын және суреттерін (фотосуреттерін) орналастыруға автоматты түрде өз келісімін береді.

Жоба үйлестірушілері: Бадриденова Райса Маратқызы - 98 55 71

*Приложение 1*

**Жалпы және қосымша білім беру ұйымдарының педагогтеріне  
арналған «Ұлы даланың бояулары» байқауына  
ӨТІНІМ**

Қала	Астана
Ұйымның атауы	
Педагогтың аты жөні (толық)	
Ұялы телефон	
Педагогтың эл. поштасы / ұйымның эл. поштасы	
Педагогикалық жұмыс өтілі	